



**Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
 «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша
 оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы**

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В037 – Филология

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Халық ауыз әдебиеті	01	Тұрмыс- салт жырлары. Мақал- мәтелдер, жұмбақтар. Ертегілер, аңыздар. Жыр түрлері, батырлар жыры	-Ауыз әдебиетінің түрлерін, жанрын, тақырыбы мен идеясын, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің айырмашылығын анықтау; -көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; -шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау.
02	Ежелгі дәуір әдебиеті	02	Көне түркі әдебиеті	-Көне түркі әдебиетінің пайда болу кезеңдерін, эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
03	Жыраулар әдебиеті	03	Қазтуған жырау. Асан қайғы. Доспамбет жырау. Шалкиіз жырау	-Жыраулар поэзиясының әдебиеттегі орны мен ерекшелігін, тақырыбын меңгеру; -жыраулардың өмірі мен шығармашылығынан мәліметтерді білу; -шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау.
		04	Жиембет жырау. Марғасқа жырау. Үмбетей жырау. Ақтамберді жырау. Бұқар жырау	-Жыраулар поэзиясының әдебиеттегі орны мен ерекшелігін, тақырыбын меңгеру; - жыраулардың өмірі мен шығармашылығынан мәліметтерді білу; -шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау.
04	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	05	М. Өтемісұлы өмірі мен шығармашылығы	-М.Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы туралы, шығармаларының тақырыбы мен идеясын білу; -шығармаларындағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
		06	Ш. Уәлиханов өмірі мен шығармашылығы	-Ш. Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы туралы, шығармаларының жанрын, тақырыбы мен идеясын білу; зерттеу еңбектерін меңгеру.
		07	Ы. Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы. А. Құнанбаев өмірі мен шығармашылығы	-Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білу, шығармаларының түрін, тақырыбы мен идеясын, жанрлық табиғатын тану; -шығармаларындағы көркемдегіш құралдарды табу.
05	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	08	Т. Ізтілеуов өмірі мен шығармашылығы	-Т. Ізтілеуов өмірі мен шығармашылығы туралы білу; өлеңдерінің мән-мағынасын, идеясын, тақырыбын, өзіндік ерекшелігін білу.
		09	Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірі мен шығармашылығы	-М. Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы, ақындық жолдағы жаңалығы мен шығармаларының қоғаммен байланыстылығын білу, көсемсөз, фольклортану саласындағы зерттеу еңбектерін меңгеру.
		10	Ш. Құдайбердіұлы өмірі мен шығармашылығы	-Ш. Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы туралы, шығармаларының тақырыбы мен идеясын, жанрлық ерекшелігін меңгеру.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
		11	А. Байтұрсынов өмірі мен шығармашылығы	-А.Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы туралы білу; -әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; -көсемсөз, мысал жанрындағы, тіл ғылымы, әдебиеттану ғылымы, аударма саласындағы еңбектерін білу.
		12	М. Дулатов өмірі мен шығармашылығы	-М. Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы туралы білу; -«Оян қазақ» жинағы туралы, өлеңдерінің тақырыптары мен мазмұнын әңгімелеу, идеялық ерекшеліктерін тану, ақын лирикасын талдай білу; жанрын білу.
		13	Ж. Аймауытов өмірі мен шығармашылығы	-Ж. Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы туралы білу; шығармаларының мазмұнын, тақырыбын, идеясын, композициялық құрылымын, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасай білу.
		14	М. Жұмабаев өмірі мен шығармашылығы	-М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білу; -өлеңдері мен поэмаларының мазмұнын, тақырыбы мен идеясын, композициялық құрылымын білу.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
		15	С. Торайғыров өмірі мен шығармашылығы	<p>-С. Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы туралы білу;</p> <p>-шығармаларының мазмұнын, тақырыбын, идеясын, композициялық құрылымын, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасай білу.</p>
		16	С. Дөнентаев өмірі мен шығармашылығы	<p>- әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;</p> <p>- көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу;</p> <p>- көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану.</p>
		17	С. Көбеев өмірі мен шығармашылығы	<p>- әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>- автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау;</p> <p>- шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау;</p>
		18	С. Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы.	<p>- С.Сейфуллиннің саяси-қоғамдық қызметтерін білу;</p> <p>- «Көкшетау» поэмасындағы кейіпкерлерге мінездеме беру;</p> <p>- С.Сейфуллиннің қазақ фольклоры мен әдебиетіне қосқан үлесін анықтау.</p>
		19	Б Майлин өмірі мен шығармашылығы	<p>- Б.Майлиннің «Ауыл өмірінің жыршысы» аталуын анықтау;</p> <p>- Қазан төңкерісінен бұрын еріксіздікке шырмалған қазақ қызының тағдыры туралы («Шұғаның белгісі») білу;</p> <p>- Шұға мен Әбдірахман бейнесін талдау.</p>

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
		20	I. Жансүгіров өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> - Ақынның «Ағынды менің Ақсуым» өлеңіне тән ерекшелікті анықтау; - «Жетісу суреттері» өлеңдерінде кездесетін шөп, аң, құс аттарын шығармашылық жұмыстарда қолдану; - «Құлагер» поэмасына арқау болған тарихи тұлға мен тарихи оқиға туралы білу.
		21	M. Әуезов өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> - жазушының шығармашылық тағдырына әсер еткен елеулі оқиғаларды білу; - көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану; - әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау ; - шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау; - әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдау.
		22	C. Мұқанов өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> - C.Мұқановтың өмірі мен шығармашылығын талдау; - «Сұлушаш» поэмасының идеялық-көркемдік жаңалығын анықтау; - C.Мұқановтың қазақ әдебиетіндегі роман жанрын дамытудағы еңбегі туралы айту.
		23	F. Мүсірепов өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> -жазушының ана туралы новеллалары қазақ әдебиетін қандай жаңалықтармен байытқанын анықтау; - «Оянған өлке» романының негізгі мазмұнын білу; -F.Мүсірепов шығармаларына рет-ретімен шолу жасау;

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
		24	Ғ. Мұстафин өмірі мен шығармашылығы . Қ. Аманжолов өмірі мен шығармашылығы. Ә. Тәжібаев өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> - Ғ.Мұстафинге берілген «Өмірден оқыған жазушы» деген мінездеуді анықтау; - «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэмасының басты ерекшеліктерін білу; - «Портреттер» поэмасындағы лирикалық қаһарман тұлғасы туралы айту; -Өнер адамын арқау еткен драмалық туындысын анықтау.
06	Қазіргі заман әдебиеті	25	Ә. Кекілбаев өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> -жазушының аударма саласына қосқан үлесін анықтау; - «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарының негізгі тақырыбын анықтама беру; - «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарына тән басты ерекшеліктерді анықтау.
		26	І. Есенберлин өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> - романға арқау болған тарихи тұлғалар туралы анықтау; - шығармадан кейіпкерлердің қатты күйзелген тұстарын тауып, оған қандай оқиғалар себеп болғанына , сыни тұрғыдан баға беру.
		27	Ә. Әлімжанов өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> - шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасау; - композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; - автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау.
		28	М. Мағауин өмірі мен шығармашылығы	<ul style="list-style-type: none"> -М.Мағауиннің өмір жолы мен шығармаларына шолу; - жазушының әдебиет зерттеушісі ретінде жазған еңбектерін анықтау; - шығарманы мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
		29	Ж. Молдағалиев өмірі мен шығармашылығы	- «Жыр туралы жыр» поэмасының кейіпкерін анықтау; - «Сел» поэмасының көркемдік сипатына талдау жасау; - «Мен – қазақпын!» поэмасының эпикалық тынысын дәлелдейтін мысалдарды табу.
		30	Ә. Нұрпейісов өмірі мен шығармашылығы. С. Жүнісов өмірі мен шығармашылығы	- «Соңғы парыз» романында - әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; - көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; - көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. М.Габдуллин Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы. 1996

2. А.Байтұрсынов Әдебиет танытқыш (Ақ жол) –А., 1991

3. Н.Келімбетов Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы «Атамұра» 2005

4. Ай, заман-ай, заман-ай I, II том—А., 1991

5. Х.Сүйіншәлиев Қазақ әдебиетінің тарихы А., -1998

6. Х.Сүйіншәлиев XIX ғасыр әдебиеті.-А., 1992

7. Ө. Әбдіманұлы XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы.- А., Қазақ университеті, 2002

8. Қазақ әдебиетінің тарихы Алматы «Ғылым»2000

9. Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым, Ж.Дәдебаев, Қ.Мәдібай Қазақ әдебиеті Алматы «Мектеп»2015

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы

Н.Ахат

(Т.А.Ә)

« 08 » 09 202 ж.

Кушы

do

AK

Ахат